



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.12.2025 ж.

№ 8, 1-т.

«ҚР ҒЖБМ ҒК «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК қызметкерлерінің «Алтын жебе» жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалауға, білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысуға қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Орталық комитет аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімінің бас маманы А.М. Айтжановтың «ҚР ҒЖБМ ҒК «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК қызметкерлерінің «Алтын жебе» жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалауға, білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысуға қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдай және талқылай келе, Кәсіподақтың Атқару комитеті келесіні атап көрсетеді:

«Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК *(әрі қарай – Институт)* қауіпсіз еңбек жағдайын жасау бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

2025 жылғы 24 сәуірдегі жағдай бойынша Институтта барлығы 164 қызметкер бар, оның 131 кәсіподақ мүшесі.

Жыл сайын еңбекті қорғауды жақсартуға тиісті қаржы бөлінеді. Қызметкерлер талапқа сәйкес арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етіледі. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын қызметкерлерді мерзімді міндетті медициналық тексеру жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Соңғы үш жылда еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар тіркелмеген.

Тексеру барысында еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі өндірістік кеңестің құрылмағаны, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың бекітілмегені анықталды.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» Республикалық жыл сайынғы байқау-сайысына қатыспайды.

Атқару комитеті отырысының басталуына дейін бақылау барысында анықталған жекелеген кемшіліктердің жойылғанын атап өтеді. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі өндірістік кеңес құрылды, техникалық инспектор бекітілді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының **Атқару комитеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «ҚР ҒЖБМ ҒК «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК қызметкерлерінің «Алтын жебе жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-ның филиалының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалауға, білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысуға қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы» ақпарат назарға алынсын (қоса жалғанады).

2. Филиалдың Кәсіподақ комитетіне:

- қызметкерлерді қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мәселелерінде шаралар қабылдасын;

- өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссия отырысының 2016 жылғы 23 қарашадағы №2 хаттамасымен бекітілген Салалық еңбекті қорғауды басқару жүйесі басшылыққа алынсын;

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы туралы заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыруға қосымша шаралар қабылдансын;

- еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторға қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер беру мақсатында ұжымдық шартқа толықтырулар енгізу мүмкіндігі қарастырылсын;

- Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы ұйымдастыратын «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» республикалық байқау-сайысына еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі техникалық инспектордың қатысуын қамтамасыз етсін.

3. Орталық комитет аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімі (Р.М.Қыдырбаева) кәсіподақ ұйымын еңбекті қорғау және қауіпсіздік

техникасы мәселелері бойынша қажетті әдістемелік және кеңес беру көмегін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева